

3. Глоссарий // <http://www.glossary.Ru/cgi-bin/>, 2010.

4. Стровский Л.Е., Казанцев С.К., Неткачев А.Б. и др. Внешнеэкономическая деятельность предприятия/ Под ред. проф. Л.Е. Стровского 4-е изд., перераб и доп. - М: ЮНИТИ-ДАНА, 2007, с. 476-502

5. Товарная номенклатура Внешнеэкономической деятельности ТН ВЭД // Официальный сайт Таможенного союза, <http://www.tsouz.ru/>, 2010.

Бұл мақалада Кедендік Одақ талаптары негізінде импорттық және экспорттық баж салықтарының құралу көздері мен құрылымы, кедендік құнының қалыптастыру негізі қарастырылған.

This article discusses the formation and economic essence of import and export duties, as well as the value of the customs value of goods under the Customs Union.

М.Р. Абдикулова

КҰРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында өзіндік даму механизмдері мен өзіндік ерекшеліктері бар құрылыс индустриясы белсенді түрде қалыптасып дамып келеді. Сондықтан алынған тақырып қазіргі таңда өзекті болып табылады. Құрылыс өнеркәсібінің дамуы қарқынды түрде дамып келе жатқандықтан, сала ерекшеліктерін ескере отырып, құрылыс ұйымдары бухгалтерлік есепті қайта қарастыруды талап етеді.

Құрылыс халық шаруашылығының маңызды саласы болып табылады. Ол материалдық өндірістің дамуына, өндірістік күштердің орналасуына және болашақта инвестициялық процестерді басқаруды жетілдіруге шешуші әсер етеді.

Күрделі құрылыстың негізгі міндеті өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы негізгі қорларды жасақтау және тез жаңарту болып саналады. Құрылыстың өнімі пайдалануға беруге дайындалған және толықтай аяқталған жаңадан салынған және қайта қалпына келтірілген өндірістік кәсіпорындар, цехтар мен басқа да объектілер, сондай-ақ тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени және коммуналдық ғимараттар мен құрылыс-жайлар болып табылады.

Құрылыс өнеркәсібі шаруашылық субъектілердің аналитикалық және синтетикалық есебін ұйымдастыруға әсер ететін өзіндік ерекшелігі бар сала болып табылады.

Құрылыстағы тауар қатынастары, өнеркәсіпке қарағанда, өндірістік үрдістің басталуына дейін пайда болады. Бұл ерекшелік бағаның қалыптасуына, құрылыс ұйымдарындағы өндірістік шығындарға әсер етеді. Құрылыста бір өнім дайындау үшін, бірнеше жылға дейін созылатын ұзақ уақыт талап етеді. Басқа өндіріс түрлеріне қарағанда құрылыста аяқталмаған өндіріс қалдықтары үлкен мөлшерде болады.

Соңғы уақытта құрылыс одан әрі дамуын жалғастырып келеді, соның ішінде тұрғын үй және әлеуметтік-мәдени құрылыс тез қарқынды дамуда. Өзгеріс құрылыс ұйымдарында да жүруде.

Құрылыс негізінен, тапсырыс берушімен келісім шарт негізінде мемлекеттік емес мердігерлік ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Тұрғын үй құрылысында негізінен жеке тұлғалар мен тұрғындар қатынасқа түседі. Тапсырыс берушілер мен мердігерлік ұйымдар арасында байланыс құрылыс келісім шарттарың қаржылық есептің халықаралық стандарты негізінде құрылады. Құрылыстың сапасын және тиімділігін жоғарлату бойынша міндеттердің орындалуына ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау және басқарудың маңызды ақпараттық базасы (негізі) ретінде бухгалтерлік есептің алатын орны өте зор. Соңғы уақытта құрылыстағы бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға байланысты белгілі бір өзгерістер қалыптасты.

Егер бұрын жалпы және әкімшілік шығындар үстеме шығындардың құрамында есептеліп, құрылыс-монаж жұмыстарының өзіндік құнына қосылған болса, ал қазір құрылыс ұйымдары бұл шығындарды өнімнің (жұмыс пен қызметтің) өзіндік құнына енетін шығындардың құрамы мен жіктемесін қалыптастыратын тауарлы-материалдық қорлардың есебі стандартының әдістемелік нұсқауына сәйкес жеке (бөлек) шотта есептеп, қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижесіне шығарады.

Күрделі құрылыс жаңа кәсіпорындар салуға, қызмет істеп тұрған өндірістік және өндірістік емес саладағы кәсіпорындарды кеңейтуге, қайта қалпына келтіруге, техникалық жарактандыруға арналған материалдық өндіріс саласының бірі болып табылады.

Құрылысты жүзеге асырудың ең көп тараған әдістерінің түрлері болып мердігерлік, шаруашылық және шаруашылық-мердігерлік (аралас) әдістер саналады. Құрылысты жүзеге асырудың ең жетілген түрі - мердігерлік әдіс, мұнда тапсырыс берушімен жасасқан келісім шарт бойынша мердігерлік ұйым келісім шартта көрсетілген объектінің құрылысын уақытында және жобалау-сметалық құжаттарға сәйкес салуға және тапсыруға міндетті болады.

Құрылыстың шаруашылық әдіс бойынша барлық құрылыс-монтаж жұмыстарын құрылыс учаскілері, жөндеу-құрылыстық цехтар немесе ұйымның басқа да құрылымдық бөлімшелері өткізеді.

Өндірістің шаруашылық әдісі кезінде арнайы құрылыстық немесе монтаждық-технологиялық жұмыстарды орындау үшін кәсіпорын тікелей мердігерлік келісім шарт бойынша субмердігерлік-монтаждық және мамандандырылған ұйымдарды тартады. Жалпы құрылыстық жұмыстар қажет болған жағдайда бір мезгілде шаруашылық және мердігерлік (тікелей келісім шарт бойынша) әдістер арқылы (аралас әдіс) қатар жүргізіледі.

Құрылысты жүзеге асырудың негізгі қатысушылары болып:

Тапсырыс берушілер жаңа құрылысты салуды, ғимараттар мен құрылыс-жайларды және басқа да объектілерді кеңейтуді, қалпына келтіруді, жаңартуды және техникалық жаңартуды ұйымдастыратын, тапсырыс беретін, қаржыландыратын және бақылайтын ұйымдар мен мекемелер.

Жобалау ұйымдары тапсырыс беруші - салушының тапсырысы бойынша жаңа құрылысты салуға, ғимараттар мен құрылыс-жайларды және басқа да объектілерді кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға және техникалық жаңартуға жобалық-сметалық, техникалық және басқа да құжаттарды дайындайды.

Мердігерлік тәсіл күрделі құрылыстағы өндіріс жұмыстарының негізгі ұйымдастыру формасы болып табылады.

Мердігерлік құрылыс-монтаж ұйымдары тапсырыс берушімен жасасқан келісім шарт бойынша ұйымдар мен объектілердің құрылысын жүзеге асыру үшін кешенді жұмыстарды орындайды. мердігерлік келісім шарт тапсырыс беруші мен бас мердігерлік ұйымдардың арасындағы байланыстарды зерттейді. Келісім шарт жасасу кезінде мердігерлік құрылыс ұйымы тапсырыс берушіден объектінің жобалық-сметалық құжаттарын алады, оның негізінде құрылыс-монтаж жұмыстарын орындаудың тәртібі, көлемі, мерзімі және құрылыстың келісім бағасы көрсетіледі.

Келісім бағаға құрылыс-монтаж жұмыстарының сметалық құны, мердігердің қызметіне байланысты тапсырыс беруші төлейтін жұмыстар мен шығындардың бөлігі (материалдар құндарының айырмасы, көп жылғы еңбегі үшін төлемдер, жұмысшыларды тасымалдау шығындары, аккордтық еңбек ақы, жұмыстың жоғарғы қарқынына байланысты вахталық әдіспен жұмыстарды ұйымдастыру және басқа да шығындар, сонымен қатар ұйымның жаңа құрылыстарды игеруге байланысты жұмыстары; құрылыс-монтаж жұмыстарының құнына қосылатын жоспарланбаған жұмыстар мен шығындарға жалпы резервтегі қаражаттардың бөлігі және тағы басқа да шығындар). Мердігерлік құрылыс келісім шартының нақты бекітілген және ашық бағамен екі түрі болады.

Нақты белгіленген бағамен мердігерлік құрылыс келісім шарты бойынша екі жақ құрылыс жұмыстарының тұрақты бағасына (құнына) немесе өзгермелі баға бойынша орындалған жұмыс бірлігіне бекітілген құнына келісімге келеді.

Ашық бағамен келісім шарт бойынша мердігерге орындаған құрылыс жұмыстарына тікелей байланысты нақты шығындар және келісілген сыйақы мөлшері қоса төленеді. мердігерлік келісім шарт бойынша кірістерге мыналар қосылады:

а) құрылыс жұмыстарының бастапқы келісім құны;

б) келісім шарттың өзгеруіне байланысты кірістер, талаптар бойынша кірістер және кіріс әкелетін жағдайда сыйақы түріндегі төлемдер.

Мердігерлік құрылыс келісім шартының өзгерісі келісім шарт бойынша бұл кірістің жоғарылауына немесе төмендеуіне ықпал ететін жұмыстың көлемін, құрылымын және орындалу мерзімін өзгерту жөніндегі тапсырыс берушінің бұйрығы.

Талаптар бойынша кірістер бұл келісім бағаға енгізілмеген қосымша шығындардың орнын толтыру үшін мердігердің тапсырыс берушіден алуға тиісті сомалары.

Сыйақы төлемдері келісім шартта көрсетілген мөлшерлеме (норма) орындалғаны немесе артық орындалғаны үшін мердігерге төленетін қосымша сомалар.

Мердігерлік келісім шарт бойынша шығындарға төмендегілер қосылуға тиісті:

а) осы келісім шартқа байланысты тікелей шығындар;

б) мердігерлік келісім шарт бойынша таратылатын және келісім шарттың құнына қосылатын жалпы құрылыстық жұмыстармен байланысты үстеме шығындар;

в) мердігерлік құрылыс келісім шартының шарттары бойынша тапсырыс берушімен төленетін қосымша шығындар.

Егер мердігерлік құрылыс шартының шарттарында келісілген болса, тапсырыс берушімен төленетін шығындардың құрамына жалпы және әкімшілік шығындардың кейбір түрлері қосылуы мүмкін.

Ірі құрылыс кезінде бас мердігерлік құрылыс-монтаж ұйымдары өздеріне көмек ретінде мамандандырылған субмердігерлік құрылыс-монтаж ұйымдарын, қосалқы ұйымдарды, кешенді тресттер мен басқармаларды, құрылыс механизацияларының трестері мен басқармаларын шақырады. Бас мердігерлер субмердігерлік ұйымдарды құрылыс жұмыстарының белгілі бір түрлерін орындауға, фундамент салуға, су өткізгіш желілерін, канализация құбырларын өткізуге, электромонтаж, жарықтандыру, жылыту жұмыстарын орындауға шақырады.

Бас мердігер мен субмердігердің арасындағы өзара байланыстар бас мердігер мен тапсырыс берушінің арасындағы келісім шарттың негізінде жасалған келісім шартпен рәсімделеді. Субмердігерлік келісім шарт бойынша тапсырыс беруші болып бас мердігер саналады. Субмердігерлер орындаған жұмыстарды бас мердігерлер қабылдап, содан соң құрылысы ауқталған объектінің (орындалған жұмыстардың) жалпы құрамымен тапсырыс берушіге тапсырады.

Құрылыс ұйымдарының құрамында әртүрлі қосалқы (көмекші) өндірістер мен қызмет көрсетуші шаруашылықтар болуы мүмкін. Бір қосалқы (көмекші) өндірістер құрылыс үшін құрылыс материалдары мен жартылай фабрикаттарды (тас, қиыршық тас, құм, ағаш өңдеу шеберханалары, бетон және темір бетон құрылғыларын, бөлшектерді дайындаушы зауыттар, кірпіш зауыттар және т.б.) өндіру, қайта өңдеу шығару және дайындаумен айналысады.

Кейбір қосалқы (көмекші) өндірістер құрылысты қажетті электр энергиясымен, бумен және т.б. (электр станциясы, бу айдағыш құрылғылар, жөндеу шеберханалары, көлік ұйымдары және т.б.) қамтамасыз етеді. Құрылыс өндірісінде құрылыс өндірісі технологиясының ерекшеліктерін атап өтуге болады.

Құрылыс өндірісінің технологиялық ерекшеліктері шаруашылық субъектілерінің талдамалық (аналитикалық) және жиынтық (синтетикалық) есебіне елеулі әсер етеді. Құрылыс өнімі тікелей жерге байланысты болады. Құрылыс барысында дайындалған өнім орнында қалады да, ал құрылыс техникалары жаңа объектілерге көшеді. Жұмысшы күшін және құрылыс техникаларын жаңа орындарға көшіру қосымша шығындарды қажет етеді. Кейбір шығындар (құрылыс машиналары мен механизмдерін демонтаждау, монтаждау) есепте алдын ала жинақталып, тиісті мерзімі және объектілері бойынша таратылып (бөлініп) отырылады.

Құрылыс өндірісінде өнімнің бір өлшемін дайындау үшін бірнеше есепті мерзімді құрайтын ұзақ уақыт қажет болады.

Өндірістің басқа түрлеріне қарағанда құрылыс өндірісінде өндіріс процесінің үздіксіздігін және бірнеше объектілерде бір уақытта жұмыстардың қатар жүргізілуін қалыптастыратын ақталмаған құрылыс көп болады. Құрылыс процесіне жергілікті жердің өзгермелі метеорологиялық жағдайларында жұмыстардың ашық жерлерде орындалуы үлкен әсер етеді. Құрылыс-монтаж жұмыстарын қыс мезгілінде орындау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетілуге тиісті қосымша материалдық шығындар, сонымен қатар жылу, электр энергиясы қажет болады.

Құрылыс орындарында ашық сақтауда көп мөлшерде материалдар (кірпіш, құм, қиыршықтасты құм, қиыршықтас және т.б.). материалдардың ұзақ уақыт бойы ашық жерлерде сақталуы метеорологиялық жағдайлардың әсерінен олардың тұтыну құндарының жойлуына әкеліп соқтырады.

Ай бойы ашық сақтаудағы материалдар құжаттарды рәсімдеусіз жұмсалады. Олардың ай сайын нақты жұмсалғанын анықтау үшін ашық сақтаудағы материалдарға түгендеу жүргізіледі, ол өз алдына қосымша уақытты қажет етеді.

Кейбір жағдайда құрылыс жұмыстары көлік құралдары жете алмайтын, электр желілеріне жақын жерлерде жүргізіледі.

Құрылыс жұмыстары сонымен қатар, күрделі өндіріс байланыстарымен де ерекшеленеді. Құрылыс алаңдарында бір уақытта жалпы құрылыстық, мамандандырылған, іске қосу және басқа да жұмыстар қатар жүргізіледі.

Өндірістің технологиялық процесі бас мердігердің жетекшілігімен жүзеге асырылады. Құрылыста бас мердігердің, субмердігерлердің қатысуы бухгалтерлік есепте көрсетілуге тиісті күрделі өзара байланыс жүйелерінің қалыптасуына әкеліп соқтырады.

Құрылыс өндірісіндегі бағалардың айырмашылығы есептің ұйымдастырылуына әсер етеді, себебі, нормативтік құжаттардың қалыптасуы мен пайдалануын күрделендіреді. Олардың барлығы құрылыс өндірісіндегі шығындар есебін ұйымдастыруға әсер етеді.

Құрылыстағы бухгалтерлік есептің ұйымдастырылуының да өз ерекшеліктері бар. Құрылыс өндірісіндегі бухгалтерлік есептің негізгі міндеттері болып мыналар саналады:

- пайдананылған материалдық ресурстарды, жұмысшылардың еңбек шығынын, құрылыс машиналары мен техникаларының қызметтерін дер кезінде, дұрыс және толық құжаттау, құжат айналымының сызбасына сәйкес мәліметтерді уақытында есепте көрсету үшін құжаттарды есеп бөліміне тапсыру;

- құрылыс-монтаж жұмыстарына жұмсалған шығындарды құрылыс объектілеріне байланысты калькуляция баптары бойынша дұрыс және уақытында көрсету;

- материалдық, еңбек және қаржылық ресурстардың нормаларының сақталуын бақылау, нақты шығындардың нормадан ауытқуларын және оларды болашақта болдырмау үшін себептерін анықтау;

- бригаданың, бөлімшелердің және учаскілердің қызмет нәтижелері мен өнімнің өзіндік құндарын төмендету резервтерін анықтау және олардың есебін ұйымдастыру;

- орындалған құрылыс-монтаж жұмыстары мен аяқталмаған өндіріс көлемін анықтау;

- қаржылық, статистикалық есептерді құру үшін және өндірісті талдау мен бақылау үшін мәліметтерді қалыптастыру.

1. Құрылыстағы бухгалтерлік есеп оқу құралы/ Нуркашева Н.С.

2. Кеулімжаев Қ.К. Құрылыстағы бухгалтерлік есеп оқу құралы / Қ.К. Кеулімжаев. Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ. - Алматы : Экономика, 2008.

3. Құрылыстағы бухгалтерлік есеп : оқу құралы / Төлегенов Е. Т., Бейсенбаева А. К.

4. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп: оқулық / В.Л. Назарова - Алматы : Экономика, 2005.

Статья посвящена особенностям организации капитального строительства в Республике Казахстан. В ней рассматриваются основные понятия капитального строительства и основные задачи бухгалтерского учета в строительных организациях.

The article is devoted to the specifics of the organization of capital construction in the Republic of Kazakhstan. It discusses the basic concepts of capital construction and basic accounting issues in construction organizations.

А.В. Брютова

ОСОБЕННОСТИ ПРИЗНАНИЯ РАСХОДОВ И ПУТИ ИХ СНИЖЕНИЯ

Каждое предприятие, прежде чем приступить к производственной деятельности, решает, какие расходы у него возникнут. Расходы играют большую роль в деятельности организации. От величины расходов зависит финансовый результат от продажи готовой продукции, выполнения работ, услуг. Ведь финансовый результат определяют как разницу между выручкой от продажи продукции без вычетов, предусмотренных законодательством и затратами на ее производство и реализацию. Поэтому признание и учет расходов занимают первостепенное значение при организации какого-либо вида деятельности.

Рассмотрим понятие расходов, как написано в Законе РК от 28.02.2007г. №234-III «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» (с изменениями от 10.12.2008г.): «Расходы - это уменьшение экономических выгод в течение отчетного периода в форме оттока или уменьшения активов или возникновения обязательств, которые приводят к уменьшению капитала, отличному от уменьшения, связанного с распределением лицам, участвующим в капитале» [1].

После того как доход за отчетный период измерен и признан, необходимо измерить и признать расходы за этот же период, применяя метод соответствия. Суть метода соответствия состоит в том, что поскольку зарабатываются доходы, определенные активы должны потребляться (например, сырье), продаваться (готовая продукция) или использоваться услуги (зарплата). Затраты на использование активов и услуг должны признаваться и учитываться в отчете как расходы за период, в течение которого признается относящийся к нему доход [2].

Признание расходов зависит от их классификации, поэтому для того чтобы правильно отнести расходы к определенному периоду необходимо иметь полное представление об их классификации. Расходы можно классифицировать на:

1. Прямые расходы – себестоимость реализованных товаров, соответствующая доходу. Такие расходы признаются по признании доходов, возникающих непосредственно и совместно в результате проведения тех же операций или событий.

2. Расходы периода – расходы, связанные с процессом реализации и общие административные расходы.

3. Распределенные расходы – это такие расходы как амортизация и страховка. Они распределяются систематически и на периоды, в течение которых ожидается, что соответствующие активы принесут чистый доход.

Важно понимать и представлять различие между затратами, непосредственно связанными с производством продукции, продажами товаров и услуг, и затратами, непосредственно с этими процессами не связанными.

На промышленных предприятиях все производственные затраты включаются в себестоимость продукции, а непроизводственные расходы относятся к расходам отчетного периода.

В организациях розничной и оптовой торговли товары приобретаются для перепродажи. Они не претерпевают изменений или изменения незначительны. Затраты на приобретение товаров входят в их себестоимость, а все остальные затраты (административные нужды, торговые издержки, расходы по сбыту) считаются расходами отчетного периода.

Применительно к производству готовой продукции и продаже товаров затраты, непосредственно связанные с производством и продажей, обычно включают в себя: